



ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ


КАЗАХСКИЕ ХАНЫ

KAZAKH KHANS

(XV ғ. ортасы - XVIII ғ. басы)
(Середина XV в. - начало XVIII в.)
(Mid XV-th century - the beginning of the XVIII-th century)



Алматы, 2015
Almaty, 2015



ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 қаз)
К 25

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”
бағдарламасы бойынша шығарылды**

Пікір жазғандар:

Т.Омарбеков - *әл Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор*

М.К.Әбусейітова - *Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты директорының орынбасары, ҚР ҰҒА корреспондент - мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор*

Рецензенты:

Т.Омарбеков – *заведующий кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, заслуженный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор*

М.К.Абусейитова - *заместитель директора института Востоковедения им. Р.Б.Сүлейменова, член-корреспондент НАН РК, доктор исторических наук, профессор*

Comments by:

Т.Омарбеков - *head of Kazakh history department at Kazakh National University named after Al-Farabi, honorary Academician at National Scientists Academy of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences, Professor.*

М.К. Abuseyitova - *Deputy Director at the Institution of Oriental Studies after R.B.Suleimenov, Corresponding Member of the National Scientists Academy of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences, Professor.*

ISBN 978-601-7174-60-6



ISBN 978-601-7174-60-6

К 25 ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ. КАЗАХСКИЕ ХАНЫ. KAZAKH KHANS.
Б.Кәрібаев, - Алматы: Сардар, 2015 ж. - 128 бет. Қазақша, орысша, ағылшынша

ISBN 978-601-7174-60-6

Қазақ хандығы дәуірінде бірнеше ғасыр бойы ел басқарған, ел тарихында өзіндік орны мен маңызы бар тұлғалар – хандар. Хандар тарихы арқылы сол дәуірдегі мемлекетіміздің тарихын терең білуге болады. Осы кітапта хандық дәуірдің біртұтас кезеңінде таққа отырып, ел билеген он жеті ханды қалың жұртшылыққа таныстыру мақсатында олардың билік құрған жылдары мен жүргізген саясаты, қазақ тарихында алатын орны туралы баяндалады. Кітап жалпы оқырманға арналған.

На протяжении нескольких веков в период Казахского ханства его возглавляли значимые личности – ханы, тем самым они оставили яркий след в истории становления государства. Через их судьбу можно глубже узнать историю государства тех времен. В этой книге рассказывается о семнадцати ханах, о времени их правления, они составляют единый целостный ханский период, повествуется о годах их власти, об их политике и роли в истории казахов. Книга предназначена для широкой публики.

In the period of Kazakh Kingdom, Khans had a great importance and a place in the history and in the way of governing the country for centuries. Country's history can be learned by Khans' history of that period. With the aim to introduce the seventeen khans, who ascended the throne during the single kingdom era and ruled the country, their ruling years, their policy and their role in Kazakh History are depicted in this book. This book is dedicated for all audience.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 қаз)



© “Сардар” баспа үйі, 2015 ж.
© Кәрібаев Б. 2015 ж.

МАЪМУНЫ • СОДЕРЖАНИЕ • CONTENTS

Керей хан Керей хан Kerey khan.....	12	Хақназар хан Хакназар хан Haknazar khan	66
Жәнібек хан Жанибек хан Zhanibek khan.....	20	Шығай хан Шығай хан Shygai khan	72
Бұрындық хан Бурындық хан Burunduk khan	24	Тәуекел хан Тауекел хан Tauekel khan	75
Қасым хан Касым хан Kasym khan	30	Есім хан Есим хан Esim khan	82
Мамаш хан Мамаш хан Mamash khan	42	Тұрсын хан Турсын хан Tursyn khan	94
Тахир хан Тахир хан Tahir khan.....	46	Жәнібек хан Жанибек хан Zhanibek khan	100
Бұйдаш хан Буйдаш хан Buidash khan	53	Жәңгір хан Жангир хан Zhangir khan	104
Қожа Ахмет хан (Ахмет хан) Кожа Ахмет хан (Ахмет хан) Kozha Ahmet han (Ahmet khan)	57	Тәуке хан Тауке хан Tauke khan	114
Тоғым хан Тоғым хан Togym khan.....	60	Әдебиеттер Материалы Materials.....	123



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ:

«Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасындағыдай мемлекет болмаған да шығар. Бірақ бұлай деп сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды, біз – бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз. Бүгінде біздің еліміз барлық таяу мемлекеттермен көпғасырлық достық және тату көршілестік дәстүрлерін сақтап отыр. Осы қарым-қатынасты әрдайым сақтағанымыз жөн».

Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич НАЗАРБАЕВ:

«Керей и Жанибек в 1465 году создали первое ханство, и государственность казахов ведет историю с тех времен. Возможно, оно не было государством в современном понимании этого термина, в нынешних границах, с такой известностью и авторитетом во всем мире. Но это можно сказать и про все другие государства той эпохи. Важно, что тогда была заложена основа, и мы – продолжатели великих дел наших предков. Сегодня наша страна сохраняет традиции многовековой дружбы и мирного соседства со всеми ближними государствами. Эти отношения нам следует всегда беречь».

President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Abishuly NAZARBAYEV:

«Kerey Khan and Zhanibek Khan first created the Kazakh kingdom in 1465 and the country's history has its start from that period. It may not have had the same border, the same fame all over the world and the same respect from all over the world as today, with the meaning of present concept of state. However, all other countries of that period could be said like that. The most important factor is that our state was founded at that time and we are the followers of great deeds of our ancestors. Today, our country keeps its centuries old friendship and amiable neighbourhood traditions with neighbouring countries. This relationship should be always maintained».



Кіріспе



Үш мың жылдық тарихы бар Қазақ Елінің тарихында жиырмадан аса мемлекеттер мен мемлекеттік құрылымдар болған екен. Олардың алғашқылары Скиф, Сак, Ғұн, Үйсін, Қаңлы мемлекеттері болса, одан кейін Түрік, Батыс Түрік қағанаттары, Түргеш, Қарлұқ, Қарахандар, Қидан мемлекеттері, Қимақ, Оғыз, Қыпшақ хандықтары болып жалғасады. Одан әрі ХІІІ ғасырдың басынан ХV ғасырдың ортасына дейінгі Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр хандығы атты мемлекеттер бірінен соң бірі өмір сүріп, тарихтың еншісінде қала береді. Ал сол ғасырдың ортасында бұрынғы Дешті Қыпшақ, қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің тарихи тізгінін Қазақ хандығы өз қолына алады да, ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарының ортасына дейін жеткізеді.

Ежелгі және ортағасырлық әртүрлі тілдерде жазылған көне жазба дерек мәліметтері мен қазіргі тарихи әдебиеттерде аталған мемлекеттер патшалық, қағанат, хандық деген атаулармен аталады. Олардың әрқайсысы шамамен жарты ғасырдан үш, үш жарым ғасырға дейін өмір сүріп, тарихтың қойнауында қалып отырды. Қазіргі күнде ғылымға белгілі дерек материалдарында Қазақ хандығына дейін болған жиырмадан аса

мемлекеттердің он екісіндегі билеуші әулет пен билеушілердің тізімдері белгілі. Ғұн мемлекетінде 20-дан аса, Үйсіндерде – 14, Түрік қағанатында – 12, Алтын Ордада 50-ден аса билеушілер тақта отырған. Кейбір мемлекеттердегі хандар саны 8-12 болған. Скиф, Сак, Қаңлы, Қимақ, Оғыз, Найман және Қыпшақ мемлекеттеріндегі билеушілерге қатысты мәліметтер мұқдем аз, сол себепті ол мемлекеттерде қанша билеушінің тақта отырғанын айту қиын. Он екі мемлекеттегі билеушілердің жалпы саны 180-нен асады. Орташа есеппен алғанда, әр мемлекеттегі билеушілер саны 15 екен.

ХV ғасырдың ортасынан ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарының ортасына дейін өмір сүрген Қазақ хандығы өзіне дейінгі мемлекеттер мен мемлекеттіліктің әрі жалғасы, әрі мұрагері болып саналады. Қазақ хандығының ең басты ерекшелігіне оның қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті болуы жатты. Құрылғаннан кейін пайда болған «қазақ» сөзі мемлекет атауына да, халықтың атауына да беріледі. Және осы атау қазіргі кезеңде ешбір өзгеріссіз қазақ халқына және оның мемлекеті – Қазақстан Республикасына қатысты қолданылып отыр.

Қазақ хандығының құрылуымен Қазақстан тарихында Қазақ хандығы дәуірі басталады. Үш жарым ғасырға созылған хандық дәуірді өз ішінде шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады. Алғашқы кезеңді біртұтас кезең немесе бір орталықтан басқарылған кезең, ал екінші кезеңді бытыраңқылық кезең деуге болады. Керей мен Жәнібек хандардан басталған алғашқы кезең Тәуке хан қайтыс болғанға дейін созылады. Осы аралықта қазақта 17 хан болған екен. Олардың ішінде ең ұзақ ел билегендер, ең атақтылар, өте аз уақыт хан болғандар, есімдері белгілі болса да ел есінде қалмағандар, ауыз әдебиеті арқылы ел есінде сақталып қалғандар бар.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ хандығы ресейлік биліктің жарлығымен жойылып, тарихтың еншісіне қалдырылды. Қазақ елінде Ресейдің әкімшілік-басқару жүйесі енгізіледі. Бұл жүйенің мақсаты белгілі еді: Өз мемлекеті болмаған халық өзінің экономикасын, мәдениетін қамыта алмайтыны сияқты өз тарихына да ие бола алмайды. Сол себепті қазақ тарихының барлық мәселелері, оның ішінде қазақ хандарының тарихы мәселелері де назардан тыс қалдырылды. Кеңестік кезеңде тарих ғылымы таптық принципке негізделген маркстік-лениндік методологияның шырғауында болуы

себепті хандардың ел тарихындағы ролі мәселесін зерттеуге тыйым салынды.

1991 жылдан бастап Қазақ Елі тәуелсіздігін алып, қазіргі заманғы тарихының алғашқы қадамдарын өзі жасап, қербес мемлекеттіктің кірпіштерін өзі қалап, өз тарихын өзі жаза бастады. Таптық принциптің орнына өркениеттілік принцип орнықты. Міне, соның нәтижесінде қазақ халқының өткен жолындағы барлық мәселелерді жаңаша көзқарастар тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік тұтып отыр. Қазақ хандығы дәуірінде бірнеше ғасыр бойы ел басқарған, ел тарихында өзіндік орны мен маңызы бар хандардың тарихын жазатын уақыт әбден жетті. Хандар тарихы арқылы сол дәуірге мемлекетіміздің тарихын терең білуге болады.

Соған байланысты осы кітапта біз хандық дәуірдің біртұтас кезеңінде ел билеп, тақта отырған он жеті ханды қалың жұртшылыққа таныстыру мақсатында олардың билік құрған жылдары мен жүргізген саясатына, қазақ тарихында алатын орнына қысқаша ғылыми-танымдық сипаттама беруді жөн көрдік.



Введение



За три тысячи лет в истории Казахской государственности было более чем двадцати государств и государственных структур. Первые из них это Скифы, Саки, Тунны, Уйсуны, Канлы, потом были Тюркский, Западно-Тюркский Каганаты, Тюркеш, Карлак, Карахан, Кидан, далее были ханства Кимаки, Огуз, Кыпчак. В начале XIII века до середины XV века последовательно существовали и вошли в историю следующие государства: Золотая Орда, Ак-Орда, Моголия, Ногайская Орда, Абылхайрское ханство. А в середине того же века в бывшем Дештикипчакском государстве, на территории сегодняшнего Казахстана образы правления государством взяло в руки Казахское ханство и управляло им до середины 20-х годов XIX века.

Древние и средневековые письменные сведения, записанные на разных языках а также государства, указанные в современной исторической литературе называются как царства, каганаты и ханства. Каждое из них просуществовало примерно три, три с половиной века. В материалах, известных науке на сегодняшний день из более чем двадцати стран, существовавших до

Казахского ханства известны имена правителей двенадцати государств. Из них в государстве Туннов более 20 правителей, 14 у Уйсуннов, в Тюркском каганате – 12, более 50 человек правили тронном Золотой Орды. В некоторых странах число ханов достигало 8-12 человек. Очень мало сведений о правителях Скифов, Саков, Канлы, Кимаки, Огуз, Найман и Кипчаков, по этой причине трудно сказать, сколько же человек правили теми странами. В целом, двенадцать государств возглавляло 180 человек, это примерно в среднем 15 правителей на каждую страну.

Казахское ханство, просуществовавшее с середины XV века до 20-х годов XIX века является продолжателем и преемником государств и государственности бывших до него. Главной особенностью Казахского ханства является то, что у казахского народа было государство с национальной чертой. Словом «казах», появившимся после становления было названо и государство и народ. И сегодня это название оставлено без изменений, так называется и казахский народ и его государство - Республика Казахстан.



Вместе с формированием Казахского ханства начинается эпоха Казахского ханства. Эту эпоху, длившуюся три с половиной века можно условно разделить на два этапа. Первый этап считается единым, в это время правление было централизованным, второй этап, это период децентрализации. Первый этап, начавшийся со времен Керей и Жанибека длился до смерти Тауке хана. За этот период у казахов было 17 ханов. Среди них есть самые именитые, есть которые мало времени правили страной, есть которые не сохранились в памяти народа, и хотя их имена были известны, они упоминаются лишь в фольклоре страны.

В первой четверти XIX века Казахское ханство было уничтожено согласно указу российских властей и осталось лишь историей. В стране казахов была введена российская административно-управленческая система. Народ, у которого нет государства, не может развивать свою экономику, культуру, не может быть хозяином своей истории. Поэтому все вопросы казахской истории, в том числе исторические вопросы казахского ханства были отодвинуты на задний план.

Так как в советский период наука «история» была основана на классовых принципах марксистско-ленинской методологии, было запрещено изучать вопрос о роли ханов в истории страны.

Начиная с 1991 года, Казахская страна обрела свою независимость, сделала свои первые шаги в современной истории, заложило фундамент самостоятельной государственности, начала писать свою историю. На смену классового принципа пришел цивилизованный принцип. В результате этого у казахского народа появилась возможность с новой точки зрения взглянуть на пройденный путь. Пришло время написать об истории ханов, несколько лет возглавлявших Казахское ханство и оставивших яркий след в истории страны. Через историю ханов мы можем глубже узнать об истории государства того времени.

В связи с этим, мы сочли целесообразным рассказать широкой публике в этой книге и дать краткое описание научно-познавательного характера о семнадцати ханах, возглавлявших трон, о годах их правления, о проведенной ими политике, об их роли в истории казахов.



Introduction



It is believed that having a three thousand year old history Kazakh State has had more than twenty states and government structures in Kazakh nation history. The first Scythian, Saks, Huns, Uisins, Kangly states, then Turkish, West Turkish Kaganates, Turgesh, Karluk, Karahan, Kidan states, and continues further with Kimak, Oguz, Kypchak Kingdoms. Further, from the beginning of the XIII century to the middle of the XV century the states like the Altyn Orda, the Ak Orda, Mogolstan, the Nogai Orda, Abylkhair Kingdom functioned one after another, leaving its trace in the Kazakhstani history. In the middle of the same century the course of the history of the former Deshti Kipchak the present Kazakh statehood was controlled by Kazakh Kingdom and lasted to the middle of the 20s of the XIX century.

In manuscripts of ancient and medieval ages written in different languages and in present historical literature are stated three names of states: patshalyk (kingdom), kaganat and khandyk (kingdom). Each of them ruled the kingdom for almost half of a century to three centuries, three and a half centuries, and left its trace in the history. These days in materials of scientific data can be found names of the

ruling dynasties and the rulers of twelve states out of twenty states, existing before Kazakh Kingdom. In Hun countries more than 20, in Uisin countries 14, in Turkish kaganate 12, in Altyn Orda more than 50 rulers ascended to the throne. In some countries the number of Khans accounted for 8-12. As there is very little information about the rulers of Scythian, Sak, Kanly, Kimak, Oguz, Naiman and Kipchak states, it is difficult to say how many of them were on throne. The total number of twelve country rulers makes up more than 180. The number of rulers of each state constitutes approximately 15.

Kazakh Kingdom, existing from the middle of the XV century to the middle of 20s of the XIX century, is considered to be an heir of the previous states and statehoods. The most important feature of Kazakh Kingdom is the national character of Kazakh nation. After the formation, the name «Kazakh» was given to both the name of the state and the name of the nation. Currently, Kazakh people and their state Republic is called in this name without any changes.

In the Kazakhstan history the formation of the Kazakh Kingdom is the beginning of the Kazakh Kingdom era. The Kingdom era lasting for three and a half century can be




conditionally divided into two stages. The first stage can be cited as a unitary period or a period of central governing, while the second stage is a disparate period. The initial period started from Kerey and Zhanibek khans and continued to Tauke khan's death. Meanwhile, there were 17 Kazakh Khans. Among them were rulers who governed for a long time or well-known, who ruled for a short time or being famous but being forgotten or those who were commemorated due to the folklore.

The first quarter of the XIX century, the Kazakh Kingdom was destroyed by the Russian authorities, becoming a part of history. Russian administrative system was introduced into Kazakh country. In the absence of the state it is not only impossible to develop country's economy and culture, but also its own history. As a result, all issues relating to the history of the Kazakh, including the history of the Kazakh khans were out of attention. In the Soviet period, being under the Marxist-Leninist methodology, based on the principle of historical science class, to research the role of khans in the history of the country was forbidden.

Since 1991, obtaining its independence, making its first steps in the modern history, forming the bricks of independent statehood Kazakh State has begun writing its own history. A principle of class division was set by civilization principle. As a result, there is a golden opportunity to research the Kazakh people's past with a new approach. It is now time to write the history of khans who ruled the country for centuries and who had their own place and importance in the eras of Kazakh Kingdom. Learning the history of the Khans it is possible to learn the history of our state at that era.

Consequently, in this book, in order to make seventeen khans, who ruled the country and who were on the throne, known to the public we have decided to give a brief scientific and educational description of the reign, their policy and their role in the Kazakh history.





Керей хан (т.ж.б.-XV ғ. 60 жж.) – туысы Жәнібек ханмен бірге Қазақстан аумағында қазақ халқының ұлттық сипаттағы тұңғыш мемлекеті – Қазақ хандығының негізін қалаған екі тұлғаның бірі және алғашқы қазақ ханы. Тарихи әдебиеттерде оның есімі Кирай, Герей, Гирай, Керей түрінде кездеседі. Оның арғы ата-бабалары Моңғол империясының негізін қалаған – Шыңғысханнан басталып, Жошы Ұлысының билеушісі - Жошы ханмен, Ақ Орданың билеушісі - Ордаеженмен жалғасады.




Керей хан Керей хан Kerey khan



Керей хан вместе со своим родичем Жанибек ханом (в середине XV века, примерно в 60 годах) одним из первых заложил основу первого государства в национальном облике - Казахского ханства, также он является первым ханом. В исторических литературах его называют: Кирай, Герей, Гирай, Керей. Его корни берут начало от основателя Монгольской империи – Шыңғыс хана, продолжается правителем Улыса Жошы – Жошы ханом, правителем Алтын Орды Ордаеженем.



Kerey Khan (according to manuscripts of 60s of the XV century) was one of two members who with his kinsman Zhanibek Khan primarily founded the first Kazakh Kingdom with its national features in the territory of Kazakhstan and was the first Kazakh Khan. In some historical literatures he was named as Kiray, Gerey, Giray. His ancestors were the founders of the Mongolian Empire beginning from Shyngys Khan, Zhoshy Khan who was the ruler



Ал, бергі ата-бабалары – Алтын Орда мен Ақ Орданың ханы болған Орыс ханға кеп тіреледі де, Орыс ханнан Токтақия, одан Болат, одан Керей хан шығады. «Тауарихи гузида-йи нусрат-наме» дерегі бойынша, Керей хан – Болаттың жалғыз баласы.

«Гарай» – көне моңғол сөзі, оның екі мағынасы болған, біріншісі – «биік», «еңселі», «алып» дегенді білдірсе, екіншісі – «ержүрек», «батыл», «еркін», «берік» деген мағынаны білдіреді. Араб тілінде бұл мағыналар «хайдар», «гайдар» деген сөздермен берілетіндігі белгілі. Моңғол тіліндегі – «керей» сөзі мен араб тіліндегі – «хайдар» сөздерінің мағынасы ортақ.

15 ғасырдың ортасына дейінгі тарихи оқиғаларды баяндайтын деректерде Керей хан туралы мәліметтер кездеспейді.



Является правнуком Орыс хана, который в свое время был ханом Алтын Орды, Ақ Орды. От Орыс хана – Токтақия, он же 2-3 месяца был ханом Ақ Орды. От него – Болат, от Болата – Керей хан. По сведениям «Тауарихи гузида-йи нусрат-наме» Керей хан единственный сын Болата.

«Гарай» – древнемонгольское слово, имеет два значения: первое означает – «высокий», «широкоплечий», «великан», второе – «храбрый», «смелый», «свободный», «твердый». В арабском языке эти значения выражены словами «хайдар», «гайдар». Слова «керей» в монгольском языке и слово «хайдар» в арабском имеют общее значение.

В писанинах повествующих об исторических фактах до середины XV века данные про Керей хан не встречаются. Согласно данным произведения Мухаммеда Хайдар Дулати под названием «Тарихи Рашиди» в конце 50-ых годов XV века Керей хан вместе со своим родичем Жанибек ханом впервые упоминаются в ситуациях касательно становления Казахского ханства.

of Zhoshy Government and continuing with the Ak Orda's ruler Ordaezhen. The recent ancestor was Orys Khan, the ruler of Altyn Orda and Ak Orda, and his direct descendant Toktakiya, from him Bolat and Bolat's son was Kerey Khan. In accordance with the facts in «Taurichi Guzida-i nusrat-name», Kerey Khan was Bolat's only son.

The ancient Mongolian word «Garai» has two meanings. If the first meaning is «high», «majestic», «giant», another meaning is «brave», «courage», «free», «strong». In Arabic language, the words like «haidar», «gaidar» mean the same. The word «kerey» in Mongolian language and «haidar» in Arabic language have common meanings.

There is no information about Kerey Khan in the historical scripts written till the mid 15th century. Kerey Khan and his relative Zhanibek Khan were stated only at the end of the 50s of the XV century in Mohammed Haidar Dulat's work «Tarikhi Rashidi» for the first time.





СЕРГ
К-В
ТА
Н
С

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Керей хан туысы Жәнібек ханмен бірге 15 ғасырдың 50-жылдарының аяғында Қазақ хандығының құрылуына қатысты оқиғаларда алғаш рет атала бастайды.

Қазақ хандығының құрылу қарсаңында Дешті Қыпшақ, Мауереннахр, Шығыс Түркістан аумақтарындағы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саяси жағдайлары Қазақ хандығының құрылуына өте қолайлы жағдай тудырады. 1428 жылы 17 жасында жергілікті әмірлер мен бектердің қолдауымен Дешті Қыпшақта билікке келген шибанилық Әбілқайыр хан 30 жылдан соң әбден күшейіп, жеке-дара билік жүргізеді. Оған оны таққа отырғызған күштер іштей наразы болып, қарсылықтар білдіре бастайды. Оның мемлекеті этникалық тұрғыда «қошпелі өзбектер» елі деп аталатын. Ол үш үкен тайпалар бірлестігінен – манғыттардан, шибандықтардан және ордасежендіктерден (қазақтардан) тұрады.

В преддверии возникновения Казахского ханства, внутренние и внешние политические ситуации в государствах Дешти Кипчак, Мауереннахр, Восточный Туркистан сыграли положительную роль в становлении Казахского ханства.

В 1428 году поручившись поддержкой местных амиров и бексов пришедший во власть в Дешти Кипчак 17-летний шибаниец Абилкаир хан после 30-летнего правления обретает могущественную силу и будет править миром единолично. Из-за этого появляются недовольства среди тех, которые когда-то оказывали ему поддержку. Его государство с этнической точки зрения называлось страной «кочевых узбеков». Оно объединяло мангытов, шибаницев, ордасеженцев (казахов).

В 1451-52 годах от них первым отделяются сыновья Окаса би – Муса би, Жанбыршы би, Хорезми бек со своими людьми и создают Ногайскую Орду. В 1457 году возле города Сыганак калмаки разгромят армию Абилкаир хана, после такого поражения Жадигер хан и его сын Буреке

At the time of the Kazakh Kingdom's formation, internal and external political status of the countries in the territory of Deshti Kipchak, Mauerenakh, East Turkestan created suitable conditions for the formation of the Kazakh Kingdom. In 1428, at the age of 17 Shibanian Abilkhayir Khan became a ruler of Deshti Kipchak with the help of local amirs and beks and after 30 years he strengthened his individual authority. People who enthroned him, started being against and began to express their disagreement. From ethnical point of view his state was named «nomadic Uzbek nation». It consisted of three major tribes - manguts, shibanians and ordaezhens (Kazakh people). From 1451 to 52 the Okas Bi's sons Musa Bi, Zhanbyrshy Bi, Khorezmi Bek were the first who separated from the country and formed their own Nogai Orda. In 1457 after Abilkhayir Khan was defeated by kalmaks in the suburb of Syganak town, Zhadiger Khan and his son Sultan Khan took away a part of shibanian people and formed Zhadiger Kingdom. And the third were




1451-52 жылдары бірінші болып бұл елден Оқас билің ұлдары Мұса би, Жаңбыршы би, Хорезми бек өз елімен бөлініп кетіп, Ноғай Ордасын құрады. 1457 жылы Сығанақ қаласы түбінде Әбілхайыр хан қалмақтардан жеңіліс тапқаннан кейін, сол жылы шибандықтардың бір бөлігін Жәдігер хан мен оның ұлы Бүреке сұлтан бөліп алып, жеке Жәдігер хандығының негізін қалайды. Ал үшінші болып, Керей мен Жәнібек хандар орда-ежендік тайпаларды бастап, Әбілхайыр ханнан бөлініп кетеді де, Қазақ хандығының негізін қалайды. Бұл туралы «Тарихи Рашиди» кітабында Мұхаммед Хайдар Дулати баяндайды. Онда ол Керей хан мен Жәнібек ханның Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанның батысындағы Шу бойы мен Қозыбасы өңірі аралығына келіп қоныстанғаны туралы баяндайды. Бұл аймақ – сол жылдардағы Моғолстан билеушісі Есенбұға хан мен оның туған ағасы Жүніс хан иеліктерінің арасы болды. Соңғы жылдары ғылыми айналымға енгізілген аңыз мәліметтері бойынша, Керей хан мен Жәнібек хан

сұлтан отделив от него шибанийцев объявляют о создании ханства Жадигер. Третьим отделяются от Абилкаир хана Керей хан и Жанибек хан вместе с ордаеженовцами они объявляют о создании Казахского ханства. Об этом повествует Мухаммед Хайдар Дулати в своей книге «Тарихи Рашиди». Согласно данным произведения «Тарихи Рашиди» Керей хан вместе со своим родичем Жанибек ханом управляя бывших у него в подчинении родовыми племенами, отделившись от ханства Абилкаира или государства, так называемого «кочевые узбеки», обосновавшегося на территории Шыгыс Дешти Кыпчака поселились между рекой Шу и горой Козыбасы, на западе соседнего средневекового государства Моғолстан.

Эта территория находилась между владениями повелителя в те годы Моғолстана Есенбуга хана и его родного старшего брата Жунис хана. По научным данным последних лет, Керей хан и Жанибек хан переселились в Чуйскую долину вместе с родовыми племенами, бывшие у них в подчинении

Kerey and Janibek Kings, who separated ordaezhen tribes from Abilkhayir Khan and founded Kazakh Kingdom. This event was described in the book called «Tarikhi Rashidi» by Mohammed Haydar. There was depicted that Kerey Khan and Janibek Khan separated from Abilkhayir Kingdom and settled down in Shu and Kozibasy in the western region of Mogolstan. At that time this place was under the property of the Mongolian ruler Esenbuga Khan and his brother Zhunis Khan. In recent years research shows that Kerey Khan and Zhanibek Khan with their tribes arrived at Shu region in the autumn of 1457. In the spring of 1458 Kerey ascended the throne as a Khan. As Kerey Khan and Zhanibek Khan broke up their relation, the process of disintegration of the «nomadic Uzbekian nation» strengthened and sultans, rulers, tribal leaders, who were against Abilkhayir Khan joined Kerey and Zhanibek Khans. Within a short period the Kazakh Kingdom population exceeded up to 200 thousand people. Kerey Khan and Zhanibek Khan were






кол астындағы ру-тайпалармен 1457 жылдың күзінде Шу өңіріне көшіп келген. Керей 1458 жылдың көктемінде хан болып сайланады. Керей хан мен Жәнібек ханның бөлінуімен «көшпелі өзбектер» мемлекетінде ыдырау процесі тереңдейді де, \Әбілхайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей хан мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны 200 мыңнан асып кетеді.

Керей хан мен Жәнібек ханның арқасында Есенбұға хан ағасы Жүніске

осенью 1457 года. А весной 1458 года Керей изберут ханом. С отделением Керей хана и Жанибек хана в государстве «кочевых узбеков» еще больше усугубятся расчленения общества. Недовольные Абилкаир ханом султаны, амиры и лидеры родовых племен стали присоединятся к Керей хану и Жанибек хану. За короткое время их численность перевалила за 200 тысяч.

Esenbuga's reliable and strong allies in the fight against his elder brother Zhunis. Zhunis Khan in the period between 1461 and 1462 was unable to take any action against his brother Esenbuga Khan. Between 1461 / 62 and 1469 as a result of Mongolian King Dosmukhammed's headless and purposeless policy, Kerey Khan started to support Zhunis khan. Finally, in 1469, after the death of Dosmukhammed Khan, Zhunis Khan was easily ascended to the throne. The reign of Kazakh Kingdom



қарсы күресте сенімді, әрі мықты одақтас табады.

Жүніс хан 1461/62 жылға дейін інісі Есенбұға ханға қарсы ешқандай әрекет жасай алмайды. 1461/62-1469 жылдары Моғолстан ханы Досмұхаммедтің мәнсіз, мағынасыз жүргізген саясаты салдарынан Керей хан Жүніске қолдау көрсете бастайды. Ақыры, 1469 жылы Досмұхаммед хан қайтыс болғаннан кейін, Моғолстандағы билік басына еш қиындықсыз Жүніс хан келеді. Керей хан тұсында негізі қаланған қазақ-моғол қатынасы 16 ғасырдың 30-жылдарына дейін достық, бейбіт сипатта болады. Әбілхайыр хан Керей хан мен Жәнібек хан ықпалының күшейе бастағанынан қауіптеніп, оларды дер кезінде талқандау мақсатымен 1469 жылы жорық ұйымдастырады. Жорық кезінде Әбілхайыр хан ауырып, қайтыс болады да, әскері кейін оралады. Көп ұзамай «көшпелі өзбектер» мемлекетінде билік үшін талас-тартыс басталып кетеді.

Әбілхайыр ханның қарсыластары – Ахмет пен Махмұт хандар,

Қазақ хандары

В лице Керей хана и Жанибек хана Есенбуга хан найдет себе надежных и крепких союзников в борьбе с братом Жунис ханом. Жунис хан до 1461/62 годов не будет пытаться отобрать власть у младшего брата Есенбуга хана. И Абилкаир хан также не сможет устраивать походы против Керей и Жанибека. В 1461/62-1469 годах во времена правления наследника Есенбути Досмухаммед хана Керей хан начинает оказывать поддержку Жунису. В конце концов, после смерти Досмухаммед хана в 1469 году без всяких проблем Моғолстан начнет возглавлять Жунис хан. Казахо-моғолские взаимоотношения, основа которых была заложена при Керей хане будут дружественными и мирными до 30-ых годов XVI века. Тревога, что влияние Керей и Жанибек ханов становится сильнее, заставляет Абилкаир хана начать поход в Моғолстан 1468/69 годы с целью их разрушения. Во время похода Абилкаир хан заболевает и умирает, а его войска вернется обратно. Совсем скоро в государстве «кочевых узбеков» начнется борьба за власть. Враги Абилкаир хана – Ахмет хан, Махмұт хан, предводители

founded by Kerey Khan in the 16th century was friendly and peaceful. Abilkhayir Khan was afraid of growing strong influence of Kerey Khan and Zhanibek Khan and organized a military campaign in 1469 to defeat them timely. During the campaign, Abilkhair Khan fell sick and died, and his army returned. Soon among the «nomadic Uzbekian nation» appeared a battle to take a control of the state i.e., for an authority of the state. The opponents of Abilkhayir Khan Ahmed and Mahmud Kings, Nogai Orda's princes Musa and Zhanbyrshy, the Siberian governor Ibak, shibanian Berke and all Kazakh kings were against to Abilkhayir Khan's heir Shaikh Haydar Khan. According to the «Taurich-i-Guzikii nu srat-name» work, the Kazakh khans were named as Kerey Khan and Zhanibek Khan, but in accordance with «Fatkh-nama», «Shaibani-name» data only Zhanibek Khan was mentioned. According to the legend, Kerey Khan ruled Kazakh Kingdom for about 10 years and he was buried at the foot of the mountain «Khantau». There is no information on the details of Kerey Khan's death.



ноғай мырзалары Мұса мен Жаңбыршы, Сібір ханы Ибақ, шибанилық Берке сұлтан және қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар ханға қарсы шығады. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» дерегінде қазақ хандары ретінде Керей хан мен Жәнібектің есімдері аталса, «Фатх-нама», «Шайбанинаме» деректерінде тек қана Жәнібек ханның есімі кездеседі. Аңыз бойынша, Керей хан Қазақ хандығын 10 жылдай билеген және Хан тауы етегінде жерленген. Керей ханның қандай жағдайда, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жоқ.


Керей ханның үш баласы болды. Олар: Бұрындық хан, Қожа-Мұхаммед және Сұлтан Әлі. Олардың ішінде Бұрындық хан Қазақ хандығын 30 жылдан астам билейді. Бұрындық ханнан соң тақ билігі түпкілікті түрде Жәнібек ханның ұрпақтарының қолына өтеді. Керей ханның қалған екі ұлы жөнінде деректер кездеспейді.



ногаев Муса и Жанбыршы, сибирский хан Ибак, султан из Шибани – Берке начнут вражду против наследника Лбилкаир хана Шайх Хайдар хана. В сведениях «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» Керей хан и Жанибек хан упоминаются как казахские ханы, а в «Фатх-нама» и «Шайбанинаме» повествующих о событиях этих лет имя Жанибек хана упоминается, а имя Керей хана не встречается. Согласно легенде, Керей хан властвовал примерно 10 лет и был похоронен у подножья горы Хан тауы. У Керей хана было три сына, Бұрындық хан, Қожа Мухаммед и Султан Әлі. Из них Бұрындық хан более 30 лет будет править Казахским ханством. После Бұрындық хана престол окончательно перейдет в руки наследников Жанибек хана.



According to the legend, Kerey Khan was buried in the mountain “Khantau”. Kerey Khan was the father of three children. They were: Buryndyk Khan, Kozha-Muhammad and Sultan Ali. Among them Buryndyk Khan ruled the Kazakh Kingdom for more than 30 years. After Buryndyk Khan the kingship went to the hands of Zhanibek Khan’s descendants at all. About other two sons of Kerey Khan, there is no findings to be shown.





Жәнібек хан – қазақ тарихында туысы Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаушы ретінде белгілі болған тұлға және екінші қазақ ханы. Оның шын есімі – Әбу Сайд. Оның да Керей хан секілді арғы ата-бабалары – Шыңғыс хан, Жошы хандар. Бергі аталары – тарихта есімі қалған Орыс хан, одан Қойыршақ хан, одан Барак хан. Ол – Алтын Ордада бірнеше жыл хан болған және Ақ Орданың соңғы билеушісі, атакты Барак ханның Мір-Сайд, Мір-Қасым атты ұлдарынан кейінгі кіші ұлы.

Қазақ хандары

20

Жәнібек хан Жанибек хан Zhanibek khan



Жанибек хан – оставил след в истории казахов как основоположник Казахского ханства вместе со своим родичем Керей ханом, также он второй казахский хан. Его настоящее имя - Абу Сайд. Его предки также как и предки Керей хана – Шыңғыс хан, Жошы хан. Его прадедами являются Орыс хан, потом Койыршақ хан, от него Барак хан, их имена также остались в истории. Он младший сын Барак хана, который несколько лет был ханом Алтын Орды, последним правителем Ақ Орды, после сыновей Мир-Сайд и Мир-Қасыма.



Zhanibek Khan was a relative of Kerey Khan with whom they founded the Kazakh Kingdom and was the second Kazakh King in Kazakh history. His real name was Abu-Said. His further ancestors were the same as Kerey Khan's, such as Shyngys Khan and Zhoshy Khan. The nearer ancestors were Orys Khan, then Koiyrshak Khan and Barak Khan. He was a ruler of Altyn Orda for few years and the last ruler of Ak Orda, also he was the youngest son of Barak Khan after Mir-Said and Mir-Kasym. Consequently, his second name was «The youngest Zhanibek Khan».

Сол себептен болу керек, оның екінші есімі – «Кіші Жәнібек хан». Жәнібек ханның есімі жазба тарихта алғаш рет Керей ханмен бірге Қазақ хандығының іргесін қалаушы ретінде кездеседі.

Жәнібек хан шамамен XV ғасырдың басында дүниеге келген. Сол ғасырдың 50-60-шы жылдары туысы Керей хан екеуі Орыс хан ұрпақтарының ішіндегі ең үкені болатын. XV ғасырдың ортасына таман шибанилық Әбілқайыр хан бұрынғы Ақ Орданың аумағына толық үстемдігін орнатады. Көп ұзамай оған қарсы саяси топтар пайда болады. Солардың бірін – Керей мен Жәнібек хандар басқарады.

1457 жылы жаз айларының соңында Әбілқайыр хан қалмақтардың билеушісі Үзтемір тайшыдан Сығанақ қаласы түбінде жеңіліп, оның ауыр шарттарына көнуге мәжбүр болады. Тіпті, бір немересін қалмақтарға аманатқа береді. Бұл жағдай оның беделін түсіріп жібереді. Осындай жағдайды пайдаланған Орыс хан ұрпақтары



Наверное по этой причине его второе имя – «Младший Жанибек хан».

Имя Жанибек хана в письменной истории упоминается впервые вместе с Керей ханом как основоположника Казахского ханства.

Жанибек хан родился примерно в начале XV века. В 50-60 годах того века они вместе с родственником Керей ханом являются самым старшим поколением Орыс хана. В середине XV века Абилкаир хан из Шибани полностью устанавливает свое превосходство на территории прежней Ақ Орды. У него появляются противники в лице политических групп. Одну из них будут возглавлять Керей и Жанибек ханы.

В конце летних месяцев 1457 года Абилкаир хан потерпел поражение вблизи города Сыганак от владетеля калмыков Үзтемир тайшы и был вынужден согласиться с его тяжелыми условиями. Ему даже придется оставить своего одного внука калмыкам в залог. Это обстоятельство понизило его авторитет. Воспользовавшись этим, потомки Орыс хана

Zhanibek Khan's name appears in written history together with Kerey Khan's as founders of Kazakh Kingdom.

Zhanibek Khan was born approximately at the beginning of the XV century. In 50s-60s of that century Kerey Khan and he were the oldest descendants of Orys Khan. In the middle of XV century shibanian Abilkhayir Khan totally ruled territory of former Ak Orda. However, later a lot of anti-political groups appeared against him. One of those groups was ruled by Kerey Khan and Zhanibek Khan.

In summer of 1457, Abilkhayir Khan was defeated by Kalmakian king Uztemir near Syganak town and was forced to accept his harsh terms and conditions.

Жәнібек ханның есімі жазба тарихта алғаш рет Керей ханмен бірге Қазақ хандығының іргесін қалаушы ретінде кездеседі.

Имя Жанибек хана в письменной истории упоминается впервые вместе с Керей ханом как основоположника Казахского ханства.

Zhanibek Khan's name appears in written history together with Kerey Khan's as founders of Kazakh Kingdom.

өздерінің қол астындағы ру-тайпаларды бастан, 1457 жылдың күз айларының соңында көрші Моғолстан мемлекетіне көшіп кетеді. Моғолстан ханы Есенбұға бұл кезде туған ағасы Жүніс ханмен билік үшін күресіп жатқан болатын. Есенбұға хан Керей мен Жәнібек хандарды қуана қарсы алып, оларға Моғолстанның батысындағы Жетісудың Шу бойы мен Қозыбасы тауы аралығындағы жерлерді береді. Жәнібек хан Керей ханнан соң билікке келеді. Ол шамамен 1465/66 жылдары болған.


Жәнібек ханның билігі 6-7 жылға созылады. Оның тұсында хандық тарихында үлкен маңызға ие бірнеше оқиға болады. Біріншісі, 1469 жылы күздің соңы мен қыстың басында Әбілқайыр ханның Қазақ хандығына жасаған жорығы сәтсіз аяқталып, шибанилық ханның қайтыс болуымен аяқталады. Бұл жағдай «көшпелі өзбектер» мемлекетінің толық күйреуінің басталуына алып келеді. Екіншісі, Дешті Қыпшақта шибанилық әулет билігінің жойылуы жатады. Шибанилар әулетінің билігі өздігінен жойылады, оны жояды. Жойғандардың ішінде Сібір хандығы, ноғай мырзалары,

возглавив свои родовые племена в конце осени 1457 года двинулись в соседнее государство Моғолстан. В это время хан Моғолстана Есенбуга сражался за власть со своим родным братом Жунис ханом. Есенбуга хан с радостью встретил Керей и Жанибек ханов, он предоставил им территорию на западе Моғолстана, то есть земли Жетысу, между рекой Шу и горой Козыбасы. Жанибек хан придет к власти после Керей хана. Это произойдет примерно в 1465/66 годах.

Жанибек хан будет властвовать 6-7 лет. Во времена его правления в истории ханства произошло несколько важных событий. Первое, в конце осени и начале зимы 1469 года поход Абылкаир хана на Казахское ханство закончится неудачно, хан из Шибани скончается. Это обстоятельство положит начало полному развалу государства так называемого «кочевые узбеки». Второе, в Дешти Кыпчак властвование династии из Шибани закончится. Власть семьи из Шибани закончится не самостоятельно, ее уничтожат. Среди уничтожителей Сибирское ханство,

He even had to leave their one grandchild to Kalmaks as a hostage. This case ruined his reputation. Orys Khan's descendants used this situation and in autumn of 1457 they moved to the neighbouring country Mongolia with their tribes. At this time Mongolian king Esenbuga was fighting with his brother Zhunis Khan to take the power. Esenbuga was pleased with Kerey and Zhanibek letting them to settle down in the western part of Moghulistan in Zhetisu region between Shu River and Kozhbasy mountain areas in 1465/66.

Zhanibek Khan's reign lasted for 6-7 years. During his kingship were a few events with a great importance in the history. First, at the end of autumn and at the beginning of winter in 1469, Abilkhayir Khan's campaign to Kazakh Kingdom failed and terminated with the death of shibanian king. This situation led to the total collapse of nomadic Uzbekian nation's state. Second event was the destruction of shibanian Deshti Kipchak dynasty's reign. Shibanian dynasty did not ruin itself, it was destroyed. Siberian



Алтын Орда хандығы, Хорезм хандығы және Жәнібек хан басқарған Қазақ хандығы болды. Деректерде жазылғандай, дәл осы кезден бастап Қазақ хандығының билігі Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде орнайды. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуының соңғы кезеңі Жәнібек ханның тұсында табысты аяқталады. Ол шамамен 1473/74 жылдары қайтыс болған. Ойткені, осы ғасырдың 70-ші жылдарының ортасына таман Сыр бойы үшін басталған күресте қазақ хандарының екінші буын өкілдері – Бұрындық, Қасым хандардың есімдері жазба деректерде кездесе бастайды.

Жәнібек ханның артында тоғыз ұлы қалады. Оның ішінде Жиренше, Махмұт, Қамбар, Әдік, Қасым секілді ұлдары XV ғасырдың соңы XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығы тарихында үлкен рөл атқарады. XVI ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Жәнібек ханның Жәдік атты ұлы мен оның ұрпақтары саяси билікті қолдарында ұстайды. Қазақтың ханы болған Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке хандар – Жәнібек ханның ұрпақтары болып келеді.



ногайские госюда, ханство Алтын Орды, Хорезмское ханство и Казахское ханство, которое возглавлял Жанибек хан. Как указано в данных, именно в это время на приоритетной части Дешти Кыпшак установится власть Казахского ханства. Таким образом, последний период становления Казахского ханства окончится успешно при Жанибек хане. Он скончался примерно в 1473/74 годах. Потому что в середине 70-ых того века в борьбе за земли Сырдарии имена представителей второго поколения казахских ханов – Буриндық и Касым ханов начинают встречаться в письменных сведениях.


У Жанибек хана останутся девять сыновей. Из них сыновья Жиренше, Махмұт, Камбар, Адик, Касым в конце XV века и начале XVI века сыграют огромную роль в истории Казахского ханства. В середине XVI века и во второй половине сын Жанибек хана Жадик и его потомство будут держать в узде политическое правление. Ханы казахов – Тауекел, Есим, Жангир, Тауке были потомками Жанибек хана.



Kingdom, Nogai rulers, Altyn Orda Kingdom, Khorezm Kingdom, Kazakh Kingdom ruled by Zhanibek Khan were those who destroyed them. According to the data, the Kazakh Kingdoms kingship mainly went to the part of the Deshti-Kipchak. Thus, the final stage of the formation of Kazakh Kingdom in Zhanibek Khan's time was successful. He died in approximately 1473/74. Because from the middle of 70th century were shown datas about Kazakh khans' second generation Buryndyk and Kasym's fights for Syr region.

Zhanibek Khan was the father of nine children, including Zhirenshe, Mahmud, Kambar, Adik, Kasym, who had an important role in the history of the Kazakh Kingdom at the end of the XV century and at the beginning of the XVI century. In the middle and second half of the XVI century, the son of Zhanibek Khan Zhadik and his descendants held a political power. Taukel, Esim, Zhangir, Tauke Kings were all Zhanibek Khan's descendants.





